

Б.Б. Құрбаналиев¹, Н.Б.Айтурсев²

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы

²Д.Құрманбек атындағы №20 колледж, Түркістан облысы

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ТӘРБИЕЛЕУ

Кәсіптік оқыту жүйесінде еңбек процесімен қатар тәрбие процесінің қызметтері де қоса атқарылады. Тәрбие процесінің негізі іс-әрекет және қарым-қатынас болып табылады. Кәсіптік білім беру мекемелерінде тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мақсатты ұйымдастырылған болса және олардың қарым-қатынасы парасатты құрылса, соғұрлым тәрбие процесі тиімді болады. Бұл – тәрбие процесінің заңдылығы, мұны шебер ешқашан естен шығармауы керек, үнемі өзінің тәрбие жұмысында қолданып келеді. Шебердің білім алушыларымен өзара байланысындағы іс-әрекеттері қарым-қатынастың түрлі формаларын қалыптастырады. Олардың әлеуметтік ортадағы, қоғамдағы, оқу процесі барысындағы еңбекке қарым-қатынасында білім алушылардың бағалы әрі сапалық қасиеттері дамиды.

Білім алушылар оқу процесі кезіндегі әртүрлі іс-әрекеттер мен өндірістік қызметтің түрлеріне қатыса отырып, еңбекке қарым-қатынасын толыққанды қалыптастра алады, әрі қоғамда белгілі бір орынға ие болады, өзінің қоғамға керектігін сезінеді. Қоғамдағы заманауи талаптарға сай болу үшін еңбекке қатыстыру арқылы білім алушыларға міндеттер жүктеледі, олардың мінез-құлықтарына, іс-әрекеттеріне жоғары талаптар қойылады. Шебердің тәрбие жұмысының маңыздылығы білім алушылардың еңбегін ұйымдастыруында тәрбиенің алар орны ерекше. Ең бастысы ол білім алушылардың сол қызмет түріне жағымды көзқарасын орнықтыру, сонымен қатар олардың өзара қарым-қатынасы барысындағы қарым-қатынасын тәрбиелеу басты назарға алынады.

Педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, тәрбие қағидаларының ең негізгісі – оның мақсаттылығы. Өйткені, тәрбие процесіндегі тәрбиелік

ықпалдар мен әрекеттер белгілі бір мақсатқа бағытталған. Мақсат – тәрбиелік шаралардың кездейсоқ сипатқа тап болмауын қамтамасыз етеді. Мақсатқа сай тәрбие міндеттері анықталып, оны атқаруда жұмыстардың түрлері, мазмұны мен ұйымдастыру тәсілдері белгіленеді.

Тәрбиенің нақты мақсатын анықтау үшін болашақ кәсіп иесі қандай қасиеттерге ие болуы керектігін білу қажет. Өндірістік оқыту процесінде қалыптасатын болашақ маманның негізгі қасиеттерін атауға болады:

- еңбекке деген көзқарасы, өзінің мамандығына құрметі, еңбекқорлығы;
- өзінің кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруге талаптануы;
- еңбекке ынталылығы, ұқыптылығы, талаптылығы;
- өзінің жұмысына жауапкершілігі;
- тәртіптілігі;
- үлкендерге деген құрмет, жолдастық;
- адалдық, шыншылдық;
- алдына қойған мақсаттарға ұмтылу және ерік-жігер.

Тәрбиенің тиімділігі тәрбие жұмысының әдістерін дұрыс таңдап алу және қолдануға байланысты. Білім алушыларға қойылатын талаптар тікелей және жанама түрде болуы мүмкін. Тікелей талаптар – бұл бұйрықтар, жарлықтар, нұсқаулар. Бұлар топпен жұмыс істеудің бастапқы кезеңінде, ұжым жаңадан қалыптасып келе жатқанда тиімдірек. Жанама талаптар - өтініш, кеңес, тілек және т.б. Талаптардың бұл формасы тікелей талаптарға қарағанда тиімдірек, өйткені білім алушының ынта-ықыласы төмен болған жағдайда шебер өзінің педагогикалық көзқарасын оңтайлы шешім қабылдауға үйретеді. Білім алушылардың топ алдында сөз сөйлеуі, кемшіліктер жөнінде пікірлерін меңзеуі, ғылыми мақалаларын баяндауы, білім алушылардың өзіндік басқару іс-әрекетіндегі шешімдері, көпшілік ұйғарымы, ұжым талабы және т.б. дамыған ұжымда қоғамдық пікір шешуші рөл атқарылады.

Тәрбиелеуші жағдай туғызу әдісін шебер немесе педагог білім алушылардың жағымды қасиеттерін көрсету, жаттықтыру, қалыптастыру үшін қолданады. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу үшін, білім алушыларды

еңбектің әр түріне жүйелі тарта отырып тәрбиелейді, еңбек нәтижесінде жауапкершілігін арттыруға қолдау көрсетеді. Өмірдің түрлі жағдайында шебер білім алушыларды сәтсіздіктерге табандылық көрсетуге, қиындықтарды жеңе білуге, мақсатқа жетуге талаптануға, ерік-жігерін, шыдамдылығын көрсетуге үйретеді.

Білім алушының әрекетіне жағымды баға беруде (мадақтау, алғыс жариялау, ғылыми еңбектер жазып мақала беру, ата-анасына алғыс хат жіберу т.б.), оның жағымды эмоциясын, қуанышты сезімін тудырады. Нәтижесінде білім алушының жағымды әрекеттерге ықыласы күшейіп, ынталанады. Сөгу, кінәлау білім алушыны жағымсыз күйзеліске әкеледі, өзара жолдастарының наразылығын тудырғанына ызалануы мүмкін.

Көтермелеу мен жазалау әдістерін нақты жағдайға байланысты өте орынды қолдана білу керек. Тым шектен тыс көтермелеу менменшілдік, тәкаппарлық, өзінің күші мен мүмкіншілігіне асыра сілтеушілік қалыптасатын үлкен зиян әкеледі. Себеппіз көтермелеуді білім алушылар да бағаламайды. Олар сирек мақтайтын, бірақ маңызды жетістіктері үшін мақтайтын шебердің мақтауын бағалайды. Сөгу, жазалау кезінде де шебердің жоғары педагогикалық тактикасы қажет, өйткені, жазалау шарасы білім алушының кінәсіне қарай қолданылуы тиіс. Ұжым пікірімен мақұлданған жазалау шарасы нәтижелі болады.

Қорыта айтқанда, білім алушының жеке басын ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеуде білім алушылардың оқу, тәрбие және өндірістік еңбектегі бірлескен іс-әрекетінде олардың жауапкершілігі, белсенділігі артып, тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіншіліктер пайда болады, достығы жарасып, еңбек арқылы ізгілік қарым-қатынас орнайды, өзімшілдік жойылып, өз мүддесімен ұштасып, моральдық нормаға айнала бермек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Өстеміров К.Ө. Кәсіптік педагогика. Оқу құралы. Алматы. 2006.
2. Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі. – Алматы: «РАДиАЛ», 2006. – 240 бб.